

# ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ҚАТЫНАСЫ – АРНАЛАР АШЫЛДЫ

Өзбекстан бұған бұрынғыдай шамданып, бақталастық танытпайтын болады. Қайта өзбектердің қазіргі басшысы өз елінің әрдайым қазақ еліне арқа сүйеп, ардақ тұтатынын мәлімдеді. Өзбекстанның жаңа сайланған президентін қарсы алған елбасы Нұрсұлтан Назарбаев алыстан барлап жатпай-ақ, одан не күтетінін бірден ескертті:

– Қарым-қатынасымыздың негізін Өзбекстанның тұңғыш президенті Ислам Кәрімов екеуміз қалағанбыз. Ол менің досым еді. Топырағы торқа болсын. Ал сіз бен біз енді осы дәстүрлерді бауырластар, жақын елдер, тату көршілер ретінде бір-бірімізге көмектесе, құшағымызды аша отырып, жалғастыратын боламыз, – деді Елбасы. Өз кезегінде Шавкат Мирзиёев үлкенді сыйлап өскен ұлттың өкілі екенін анық аңғартты:

– Сіз, Нұрсұлтан Әбішұлы, өткен жылғы қыркүйекте Самарқандқа келгенде Қазақстан мен Өзбекстан әрқашан бірге болады деп едіңіз. «Жақсы күндері бір-біріміздің қуанышымызға ортақтасамыз, ауыр сәттерде бір-бірімізге сүйеу боламыз» дедіңіз. Бұл сөздер біздердің арамды одан сайын жақындата түсті, бүкіл өзбек халқы нағыз достық әрі бауырдың қолтықтан демегенін түсінді. Сіз досыңыз – Өзбекстанның тұңғыш президенті Ислам Кәрімовтың аруағына құрмет-қошемет білдіру үшін Хаит күні (Құрбан айт) арнайы келдіңіз. Содан бері мүлдем басқа қатынасымыз бастау алды. Біз соңғы бес айда бәрін бірінші рет жасап отырғандай сезілдеміз. Сіздер, Ислам Кәрімовпен бірге екі ел арасындағы осынау көпірді қаладыңыздар. Бұл көпір алдағы уақытта нығая беретін болады. Біз әр уақытта да Қазақстанды ең жақын әрі сенімді көрші ретінде қарастырамыз, – деп серт берді өзбек басшысы.

Бұл екі ел арасында ешқандай күндестік болмауы керек, барлығы тек достық пен әріптестікке құрылуға тиіс дегенді білдірсе керек. Әйтпесе «бұрынғыны жалғастырайық» дейтіндей, бұған дейін екі ел арасындағы өзара сауда-экономикалық қатынастар жоғары деңгейде болды деп айту қиын.

Таяуда Нұрсұлтан Назарбаев Ақордада Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёевпен кездесті. Ол мемлекет басшысы ретінде қазақ жеріне алғаш рет қадам басып отыр. «Өзбек өз ағам» деген сөз бар қазақта. Бұл кезінде Керей мен Жәнібек хандардың Өзбек хандығынан (Әбілхайыр хандығынан) бөлініп шығып, жеке хандықтың шаңырағын көтергенін білдіретін ұғым болса керек. Бірақ дәл қазір Орталық Азия көшбасшылығы – қазақ елінің қолында.



Мысалға, Өзбекстан президентінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, 2016 жыл қорытындысында екі ел арасындағы тауар айналымы 2 миллиард доллардан асқан. Көршімізде қазақстандық бизнесмендер мен капиталдың қатысуымен 230-дан астам кәсіпорын жұмыс жасауда. Қазақстанда 150-ден астам қазақ-өзбек бірлескен кәсіпорны қызмет етеді. Бұл 2012 жылғы деңгейден төмен: сол жылы 2,5 миллиард доллардан асып түскен болатын. 2015 жылы тауар айналымы 3,2 миллиард долларға жетіп еді. Содан бері өзара сауда-саттық біраз құлдырағанын көріп отырсыз. Ал сапар қорытындысында екі ел кәсіпкерлері бұл көрсеткішті 5 миллиард долларға дейін жеткізе алатыны мәлімделді. Бұл белесті бағындыру үшін Өзбекстан республикамызға өзінде құрастырылған жеңіл және жүк автокөліктерінің, автобустарының, ауыл шаруашылығы техникаларының экспортын арттырмақ.

Күні бүгінге дейін бұл бағытта біздің үкімет өз өндірушілерімізді қорғап, еңсесін көтерту үшін өзбек автозауыттарының экспансиясын біраз бөгеп келгені жасырын емес. Енді бұл арна толық ашылатынға ұқсайды.

Өзбек тарапы тіпті өз автокөлік маркаларын шашылған күйде әкеліп, Қазақстан жерінде жинастыруға дайын. Олар осылайша, ЕАЭО талаптарын айналып өте алады. Өзбектер дайын тоқыма бұйымдарын, электрлі техникалар мен жеңіл өнеркәсіп өнімдерін, құрылыс материалдарын, шыны және басқа да тауарларының қазақ нарығына құйылар легін ұлғайтпақ ниетте.

Ал Қазақстан метал прокаты, феррокорытпа, ағаш және ағаш материалдары өнімдерінің экспортын арттыра алады. Қос мемлекеттің ауыл шаруашылығы, жеңіл және ауыр өнеркәсіп, құрылыс, машинажасау, көліктік коммуникациялар, мұнай-газ өнеркәсібі және басқа да көптеген

салаларда ынтымақтастықты кеңейтуге мол мүмкіндіктері бар.

Ақордадағы жеке кездесуде Қазақстан президенті соңғы бес айда екі елдің арасындағы сауда-саттық 30 пайызға жоғарылағанын айтты. Жалпы қос ел сарапшылары соңғы жылдары тоқырауға ұшырай бастаған қазақ-өзбек қарым-қатынастары елбасының былтырғы қыркүйекте Самарқандқа сапарынан және Шавкат Мирзиёевтің осы сапарынан кейін жаңа деңгейге көтеріле бастағанын айтты.

Мысалға Өзбекстан басшысының айтуынша, осынау қысқа ғана мерзімнің ішінде өңірлік ынтымақтастық жаңаша өркен жаюда екен: Қазақстанның 3 өңірінің басшысы Өзбекстанға сапарлаған, өзбек елінің бірқатар аймақ басшылары қазақ елінде болып қайтты. Осылайша қазақ пен өзбек енді шекаралық, аймақтараралық ынтымақтастықты дамытуға кіріспек. Бұл өзара ықпалдастықтың жаңа деңгейі екенін айта кеткен жөн. Әйтпесе Қазақстан бұған дейін тек Ресеймен ғана осындай ынтымақтастықты жолға қойғаны мәлім. Демек, бұл жаңа арна да ашылып отыр.

Шавкат Мирзиёев «түркі жұртының ақсақалы» атанған Қазақстан көшбасшысымен жиірек кездесіп, ақыл-тыңдап тұруға дайындығын да білдірді.

– Президент ретіндегі Сіздің алғашқы мемлекеттік сапарыңыз Наурыз мейрамымен және елдеріміз арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 25 жыл толған кезеңмен тұспа-тұс келіп отыр. Қазақстан Өзбекстан делегациясы сапарының жемісті болуы үшін барлық жағдайды жасауға әзір, – деді Нұрсұлтан Назарбаев мәртебелі мейманына қарап. Қазақстан президенті ширек ғасырлық ынтымақтастығымыз аясында түрлі саладағы 100 келісімге қол қойылғанын, соның ең негізгілері – Мәңгілік достық туралы шарт пен Стратегиялық әріптестік туралы шарт болып табылатынын айтты. «Тарихымыздың, тіліміз бен дәстүріміздің ортақтығы, халықтарымыздың көршілестігі қазақ пен өзбектің мәдени-гуманитарлық саладағы өзара тығыз іс-қимылының қалыптасуына алғышарт жасады.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Құс шаруашылығына мемлекеттік қолдау қажет

Астанада Қазақстан құс өсірушілері одағының жылдық қорытынды жиналысы өтті. Қазақстан құс өсірушілері одағының Президенті Руслан Шәріпов жиналысты ашық деп жариялап, осы саланың дамуы үшін өнімді өңдеу тізбегін халықаралық стандарттарға сай жолға қою қажет екенін, тек осылай ғана бәсекелестік ортаға түсуге болатынын алға тартты.



Руслан Шәріповтың айтуынша, құс шаруашылығының табыстылығы мемлекеттің қолдауы мен бизнестің өндіріске қаржы құюға ынтымағына байланысты жүзеге асты. Соңғы жылдары мемлекеттік қолдау үлесі 18 есе өскен. Қолдаудың қол жетімділігінің арқасында құс шаруашылықтары көбейді.

– Өткенді шолып, қазіргі жетістіктерге қарап, құс шаруашылығының жанданып келе жатқаны байқалады. Соңғы жылдары құс етін өндіру 67%-ға, саудаға түсетін жұмыртқа өндірісі – 78%-ға өскен. Биылғы жылы болжам бойынша құс еті өндірісі 203,0 мың тоннаны құрамақ, оның ішінде құс фабрикалары 193 мың тонна ет өндіреді, – деді Руслан Шәріпов.

Жиында «Атамекен» ҰКП Басқарма Төрағасының орынбасары Нұржан Әлтыбаев құс шаруашылығының отандық экономикаға қосар үлесінің зор екенін айтты.

– Құс шаруашылығы ең тартымды бағытқа айналуы жолын-

да «Атамекен» ҰКП Қазақстан құс өсірушілері одағымен бірлесіп, Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік/ата-тектік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды тәуелділік балапан сатып алу тізіміне суда жүзетін құстар түрін қосуды ұсынды. Сонымен қатар субсидиялаудың нормативін 400 теңгеден 600 теңге өсіруді сұрады. Бұл ұсыныстар ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен мақұлданды. АШМ тарапы отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік/ата-тектік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды инкубациялық жұмыртқа сатып алу нормативтерді 1 дананы 150 теңгеден бастап 400 теңгеге өсіру бойынша ұсынысымызды құптады, – деді.

Шара соңында қатысушылар отандық өнім, шетелден әкелінген өнімнен гөрі сапалы әрі тиімді болуы үшін жағдай жасалу керек екен деген тоқтамға келді. Бұл үшін жеңілдіктер, квота-

лар, тарифтер, өнімнің сапасы мен ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздік нормаларды сақтау талаптары сынды арнайы тетіктер қолданылуы керек.

Бірінші, құс шаруашылығы шығындары бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары инвестициялар паспорттарына шығындардың бір бөлігін өтеуді қосуды сұрады. Екінші, Мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асырылуы кезеңінде Агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындары үшін арнайы салық режимін алып тастамауды, салық салу талаптарының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында қазіргі жүйені сақтап қалу бойынша ҚР Ұлттық экономика министрлігіне өтінім жасау; үшінші, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары көлемдерін бекітілген технологиялық карталар негізінде ӘЖК-ға мақұлдауға мүмкіндік беретін құзіретті субсидиялау ережелеріне қосуды сұрады.



# «САЛЫҚ КОДЕКСІ» ТҮСІНІКТІ БОЛУЫ КЕРЕК

Бизнеске салынатын салықтық жүктеменің көбеюіне жол бермеу тапсырманың ең басты бөлігі болып табылады. Бұл сауал Сенат спикері Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен парламенттің қалғандығымен «Теңдестірілген және ашық бюджет – елдің тұрақты әрі табысты әлеуметтік-экономикалық дамуының кепілі» тақырыппен өткен күн тәртібіне шығарылды.

«Атамекен» ҰКП Басқарма Төрағасының орынбасары Нұржан Әлтаев бизнеске салынатын салық жүктемесінен бөлек, еңбек төлемінің қорына қатысты жүктеменің өсуі, бюджеттен бөлінетін қаражат шығынының тиімсіз қолданылуы, МЖӘ жобаларының жүзеге асырылуындағы қиындықтар мен бизнестің жекешелендіруге қатысуын ынталандыру бойынша бірқатар мәселелерді көтерді. Нұржан Әлтаев ҚР Қаржы министрлігінің мәліметінше, 2016 жылы бизнеске қатысты шамамен 10 мың салықтық тексеру жүргізілгенін атап өтті.

– 2016 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджетке салықтық түсімнің 23,3%-қа артқаны байқалады. Бірақ бұл көрсеткіш шағын және орта бизнестің іскерлік белсенділігінің төмендеуінен артып отыр. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес саны 4,6%-ға азайған, сәйкесінше өнім шығарылымы да 6,9%-ға төмендеді. Оның үстіне салық органының қызметкерлері Салық кодексінің өздерінше түсіндіреді, шын мәнінде бұл тексерулер мен үстеме аударымдардың есебінен бизнесті қыспаққа алды. Былтырғы жылы бір ғана тексеруден 54,6 млн теңге түскен, яғни ел бойынша үстеме аударым шамамен 550 млрд теңге. Салық кодексі, ең алдымен, кәсіпкерлер үшін барынша қарапайым әрі түсінікті ете отырып, әкімшілік басқаруды түбегейлі өзгертуі тиіс, – деп мәлімдеді «Атамекен» ҰКП Басқарма Төрағасының орынбасары.

Қазіргі таңда арнайы салық тәртібін реформалау, ҚҚС алу механизмін жетілдіру мен тиімсіз салықтық жеңілдіктерді алып тастау анағұрлым тұжырымдамалық мәселелер болып табылады. Маңызды тапсырманың бірі еңбек төлемі қорына жүктемені арттыру жоспарлау мәселесін шешу болып табылады.

«Атамекен» салықтық әкімшілікті жаңғырту бойынша бірқатар ұсыныстарды талқылауға салды. Қазіргі таңда Мемлекет басшысының тапсырмасымен іскерлік белсенділікті, инвестицияларды ынталандыру мен көлеңкелі экономиканың үлесін азайтуға арналған жаңа Салық кодексі жасалып жатыр.



Жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы төлемі, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру төлемі енгізілетін болады. «Нәтижесінде 2016 жылмен салыстырғанда 2020 жылға қарай әлеуметтік төлем бойынша салықтық жүктеме жалпы 10%-ға өспек. Біз жұмыспен қамтуды заңдастыру үшін еңбек төлемі қорына жүктеменің өсуі айтарлықтай кедергі болады деп есептейміз», – деп атап өтті Нұржан Әлтаев.

«Қаржы министрлігі бюджетті толықтыру мен салық жиналуына жұмыла кіріскенін түсінеміз, сондықтан салық жүктемесін азайту мәселесі талқыланбайды. Мұнымен қоса, бюджеттің шығын бөлімінде салық жүктемесін сақтандыру немесе азайту үшін маңызды сақтық қорды да байқап отырмыз. Біз мемлекеттің қаржысы тиімсіз жұмсалып жатқан көп бағыттар бар деп есептейміз, оның ішінде дамыту институттары мен ұлттық компаниялар арқылы бөлінетін шығын бар. Егер жүргізілетін шығын құнының баламасы туралы айтар болсақ, онда 2015 жылы шағын және орта кәсіпкерліктің арнайы салық тәртібін қолданатын 900 мыңнан аса субъектісі 94 млрд теңге салық төлеген. Бұл «Бәйтерек»

Ұлттық басқару холдингісіне биылғы жылы бюджеттен бөлінетін қаражатынан шамамен 1,5 есе аз», – деді «Атамекен» ҰКП Басқарма Төрағасының орынбасары.

Жекешелендіру мен МЖӘ мәселесі бюджетті қысқартуға арналған тағы бір сақтық қоры болып табылады. Бүгінде мемлекеттің экономикадағы үлесі ауқымды, мемлекеттің қатысуы бар кәсіпорындарды қолдауға бюджеттің қаржысы айтарлықтай көп жұмсалады. Ауқымды жекешелендіру, сондай-ақ МЖӘ механизмдері бюджетке түсетін салмақты азайтуға және жеке меншік капиталды тартуға ықпал етеді. «Бұл туралы халықаралық сарапшылар да, бағалаушылар да Қазақстан экономикадағы мемлекеттің үлесі айтарлықтай жоғары екенін айтып отыр.

Бүгінде мемлекеттік меншік шамамен 7 000 коммуналдық мекеме мен республикалық меншікте қызмет атқарады. Оның ішінде айтарлықтай бөлігін жеке меншік сектор басқаруға әлеуетті. Осы мақсат үшін мемлекет пен бизнестің өзара қарапайым әрі түсінікті іс-қимыл механизмдерін жасау маңызды. Бизнес жекешелендіруде айтарлықтай белсенді

қатысу үшін отандық инвесторларды қосымша ынталандыру тәсілдерін қарастыру керек. Айталық, сенімді басқару, бөлім төлеуге сату және тағы басқалар», – деп атап өтті Нұржан Әлтаев.

Одан кейін бүгінгі күні жобаларды тәжірибеде іске асыру қиындап отырған мемлекеттік-жекеменшік әріптестік мәселесі айтылды. Мемлекеттік органдар іске асырудың түрлі кезеңінде тұрған 300-ден аса МЖӘ жобасын таныған. Оның ішінде бірқатар жобалар барлық процедуралардан өткен және келісім шарттары жасалған. «Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасарының айтуынша, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік саласындағы қолданыстағы заңнаманың соңғы 10 жылдық қорытындысы бойынша жүзеге асырылған жобаларға бөлінген бюджет қаражатының жұмсалуды мен тиімділігіне толық сараптама жүргізу қажет. «Өтемақылқ төлем түрінде төленген қаржыға, сондай-ақ жобалық құжаттама бөлінген, мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар жүргізілген сараптамаға жұмсалған қаражатқа сараптама жүргізу керек.

Мысалы, Жамбыл облысының жеке меншік консалтингтік компаниясында жоба тұжырымдамасының ең төмен құны – 5 млн теңге. Ал әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясында 9,5 млн теңгені құрайды. Тағы бір мысал келтірсек, Ақмола облысындағы үш үйдің қайтары құру жобасы бойынша әрқайсысы 12 млн теңге тұратын үш тұжырымдама дайындалған. Оны жергілікті атқарушы орган төлеген. Мұнымен қоса, тұжырымдама мазмұнында айтарлықтай өзгеріс болмаған, олардың өзара ұқсастығы орын алған». Ұлттық палата мемлекеттің қаржысы тиімсіз жұмсалып отырған, оның ішінде дамыту институттары мен ұлттық компаниялар арқылы кететін көптеген бағыттар бар деп санайды. «Біз бизнеске түсетін салық жүктемесінің көбеюіне жол бермеу туралы айтқанда, мемлекеттің маңызды әлеуметтік міндеттемелері бар екенін айтамыз. Біздің көзқарасымызша, бюджет қаржысын тиімді пайдалану мен мемлекеттік жоспарлауға бақылауды күшейту бағасы маңызды сақтық қоры болып табылады», – деп қосып өтті Нұржан Әлтаев.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Қайта қаржыландыру және ипотека

Ұлттық банктің 2017 жылдың 1 сәуірінен бастап қайта қаржыландырудың мөлшерлемесін 11 пайызға дейін ұлғайту туралы шешімі – құбылмалы пайыздық үстемасымен берілген несиелерді қымбаттатып жіберуі мүмкін.

Бұл санатқа ипотекалық несиелер алған тұрғындар да кіреді. Бұған дейін қайта қаржыландырудың мөлшерлемесі 5,5 пайыз болған. Бірақ Бас банкир мұндай келісімшартқа қол қойғандардың саны барлық борышкерлердің 0,4 пайызынан аспайтынын айтады.

– Бұл аз ғана борышкердің төңірегіндегі әңгіме. Дегенмен осындай несиелерді

берген банктермен қажетті жұмыстарды жүргіздік. Олар қарыз алған адамдарға тиісті шешімдерін ұсынып жатыр. Сондықтан борышкерлерге ешқандай қиындық болмайды, – дейді Ұлттық Банк төрағасы Данияр Ақышев.

Естеріңізге сала кетейік, 2017 жылдың 1 сәуірінде ипотекалық несиелерді қайта қаржыландыру бағдарламасы аяқталады.

Бағдарлама 2015 жылдың 1 сәуірінде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша қабылданған еді. Осы жылдың 1 наурызына дейін 27 мыңнан астам өтініш түскен. Оның ішінде құны 123,8 миллиард теңге болатын 20 400 өтініш мақұлданған. Ұлттық банк тұрғындардың 1 сәуірден кейін де ипотекалық несиелерін қайта қаржыландыра алатынын айтады. Ол осы уақытқа дейін қайта қаржыландырылған несиелерді өтеуден түскен ақша есебінен жүргізіледі.



## Зейнетақы активтері қайда жұмсалады?

Ұлттық банк зейнетақы Қазақстан жаңалықтары Қазақстандықтардың зейнетақы активтері биыл қай салаға жұмсалады? Бұл туралы Ұлттық банкте өткен баспасөз отырысында айтылды. Қомақты қаржы бес саланы дамытуға бағытталмақ. Бұл тізімде ірі жеке кәсіпорындар да бар.

Қазақстандықтардың зейнетақы жиынтығы ақпан айының қорытындысы бойынша 6 триллион 700 млрд теңгеге жеткен. Оның 28,5 млрд теңгесі соңғы екі айдың жиынтығы. Бұл туралы Ұлттық банк басшылығы мәлімдеді. Сонымен қатар зейнетақы қаражатының биыл қайда жұмсалатынын да айтылды. Яғни, қомақты қаржы мемлекеттік құнды қағаздарды және ұлттық валютадағы активтерді сатып алуға жұмсалады.

Сонымен қатар Халықаралық қаржы ұйымдарының теңгемен шығаратын облигациялары сатып алынады. Оған қоса, қазақстандық қаржы қорын дамыту үшін мемлекеттік және жеке жобаларды қаржыландыру да зейнетақы жиынтығынан игеріледі.

– Бағалы қағаздар нарығын дамыту үшін мемлекеттік емес ұйымдардың қаржы құрылымдарына инвестиция болып табылады. Осы бағыттар бойынша ұсыныс жасалды. Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңестің мүшелері мақұлдап, қол

қойғаннан кейін сіздерге тағы да хабарлаймыз, – дейді Ұлттық банкі төрағасының орынбасары Ғалымжан Пірматов.

Ұлттық банк төрағасы екінші деңгейлі банктер арасындағы мәмілелер туралы айтты. «Халық банк» пен «Қазком» банктерінен кейін тағы екі қаржы институты активтерін біріктірген. Олар «Тенгри банк» пен «Қазақстан капитал банкі».

Айта кетейік, салымшылардың несиелері мен депозиттік қаржылары келісімшарт аясында сақталады.

– Көптеген екінші деңгейлі қаржы ұйымдары біріктіруді қажет етеді. Сондықтан банктердің активтері қосылып жатыр. Мұндай жұмыстар жалғасады. Банктердің болашақтағы мүмкіндігі акционерлердің қолында. Қазіргі уақытта Қазақстан нарығында екінші деңгейлі 33 банк жұмыс істейді. Ақпан айының қорытындысы бойынша қаржы институттарының қоры 25 триллион 223 млрд теңгеге жеткен, – деп мәлімдеді Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев.



# ЖАППАЙ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ – МАҢЫЗДЫ БАҒЫТ

– *Ғалия Тағыбердиева, сіз кезінде «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасын жүзеге асыруға қатысқан адамдардың бірісіз. Бүгін әңгімемізге арқау болып отырған жаңа бағдарламаның Жол картасынан қандай айырмашылығы бар?*

– Ең бастысы, нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы сол Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасының орнына қабылданды. Яғни жаңа бағдарлама жүзеге асырыла бастаған кезде, Жұмыспен қамтудың жол картасы тоқтатылады. Жұмыспен қамтудың жол картасы уақытша жұмыс орындарын құруға бағытталса, ал жаңа бағдарламаның мақсаты – қазақстандықтарды тұрақты жұмыспен қамту. Яғни жаңа бағдарламаның басты фокусы – жаппай білім бере отырып, адамдардың нақты дағдыларын дамыту. Алған дағдылары болашақта тұрақты жұмыс табуға немесе өзінің жеке ісін бастауға көмектеседі. Жаңа бағдарламаның атауы оның мақсатын толық ашып тұр. Яғни нәтижелі жұмыспен қамту арқылы өзін өзі жұмыспен қамтыған халық елдің экономикасын ұйымдастыруға үлес қосады. Халықтың 25 пайыздан астамы өзін өзі жұмыспен қамтып отырғандықтан олардың экономикаға қосып отырған үлесін анықтау маңызды. Мысалы ауылдағы халық өзінің жеке шаруашылығымен айналысады, шағын ауылдан артылғаны қалып қояды. Сондықтан неге сол артық өнімді басқа аймақтарға сатып, халыққа да, кәсіпкерге де пайда түсірмеске?! Яғни жеке кәсіпкер ретінде, шаруа қожалығы ретінде, тіпті серіктестік немесе ауыл шаруашылығы кооперативі ретінде болсын, өнім экономиканың нақты саласына пайда түсіру керек.

– *Бағдарламаның мақсаты – өзін өзі жұмыспен қамтығандардың кәсібін дамытып, жұмыссыз жүрген және кәсіптік білімі жоқтарды нәтижелі жұмыспен қамту екен. Ал енді осы мақсат қандай жолмен жүзеге аспақ?*

– Түсіндіріп өтейін. Бұл бағдарламаны дайындардың алдында біз зерттеу жүргізіп, экономикадағы белсенді 9 млн халықтың 2,6 млн-нан астамы өзін өзі жұмыспен қамтығандар және жұмыссыздар екенін

Сәуірде танымал кәсіпкерлер тренинг өткізетін «Бизнес-бастау» жобасы басталады. Өткен жылдың аяғында Үкімет нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын жүзеге асыру туралы қаулы қабылдаған болатын. Бағдарламаны ұлттық экономика министрлігі, білім және ғылым министрлігі, ауыл шаруашылығы министрлігі мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы бірге әзірлеген. Осы ретте ұлттық экономика министрлігі кәсіпкерлікті дамыу департаментінің директоры Ғалия Жолдыбаева бұл бағдарламаның қандай жаңалығы бар екенін және бұның алдындағы бағдарламалардан қандай ерекшелігі барын баяндап берді.



білдік. Бұл санаттағы халықтың 1 млн-нан астамының кәсіби білімі жоқ, ал 853 мың адамның бір айдағы кірісі 60 мың теңгеден аз. Сондықтан, кәсібін бастай алмай жүрген және 84 пайызы ауылда тұратын 15 жас пен 45 жас аралығындағы 550 мың адамды жаңа бағдарламамен қамту көзделіп отыр. Бағдарламаның үш бағыты бар. Бірінші

бағыты – сұранысқа ие мамандықтар мен бизнестің негіздеріне жаппай оқыту және дағдыландыру; екінші бағыты – жаппай кәсіпкерлікпен айналысу үшін жағдай жасау; үшінші бағыты – еңбек нарығын дамыту.

– *Тікелей кәсіпкерлікке байланысты, бағдарламаның екінші бағытына*

«Бизнес-бастау» бағдарламасы дайындағанда экономикалық белсенді 9 млн халықтың 2,6 млн-нан астамы өзін өзі жұмыспен қамтығандар және жұмыссыздар екенін білдік. Бұл санаттағы халықтың 1 млн-нан астамының кәсіби білімі жоқ, ал 853 мың адамның бір айдағы кірісі 60 мың теңгеден аз. Сондықтан, кәсібін бастай алмай жүрген және 84 пайызы ауылда тұратын 15 жас пен 45 жас аралығындағы 550 мың адамды жаңа бағдарламамен қамту көзделіп отыр.

*тоқталсақ. Екінші бағыт – қаладағы кәсіпкерлікпен қатар, ауылдағы кәсіпкерлікті жаппай дамыту. Яғни, шағын несие беру арқылы. Бірақ, бизнесті дамытудың бұл құралы бұрыннан бар. Қандай ерекшелік күтуге болады?*

– Бұл бағдарламаның идеясы – ұлттық экономика министрлігінің. Сондықтан шағын несие беру туралы бастаманы да біз көтердік. Яғни шағын несиеңің ұжымында 15 адам жұмыс істейтін ұжымға беріледі. Ал «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шағын және орта бизнесті қолдауға берілетін. Шағын несиеңің жауапкершілігін де бөліп қойдық. Еліміздегі 18 ірі қала мен 27 моноқалада бағдарламаны ұлттық экономика министрлігі әкімшілейді. Ал шағын қалалар мен ауылдарда бағдарламаның жүзеге асырылуын ауыл шаруашылығы министрлігі бақылайды. Ауыл мен шағын қалаларға шағын несиеңің «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ береді. Ал операторы – «Аграрлық неселік корпорация» АҚ. Қалаларда жаңа кәсіпорындар мен іске қосылған бизнесті кеңейту үшін шағын қаржыландыру көзін екінші деңгейлі банктер мен «Даму» қорының кепілдігі негізінде шағын қаржыландыру ұйымдары береді.

– *Сонымен қатар, кәсіпкерліктің негіздерін үйрету үшін Ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Бизнес-Бастау» деген бағдарламасы басталып, ісі өрге басқан бизнесмендер тренинг өткізеді екен?*

– Ия Ақтөбе облысы мен Маңғыстау облысындағы екі ауылда ілкі жобаны іске асырып көрдік. Және тренингтер өз нәтижесін көрсетті. Жалпы бұл бағдарлама 1 сәуірден іске қосылды. Алғашқы жылында өңірлерде 15 мың адамды оқытпақпыз және де олардың кем дегенде 20 пайызы өз ісін ашуы керек. Бұл бағдарламаға қатысқысы келетіндер үлкен қалалардағы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарына барсын, ал, шағын қалалар мен моноқалалардағы және ауылдағы халық кәсіпкерлікке қолдау көрсету орталықтарына баруға болады. Сол орталықтарда барлық ақпарат таратылады.

Кенже Жомарт

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Ішкі нарықты қорғайтын заң керек

Өскемен қаласында ҚР Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаевтың басшылығымен сатып алулар мәселелері жөнінде жиын өткізілді. Жиында Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, мемлекеттік органдар, өңір басшылары мен 100-ден астам бизнес өкілдері қатысты. Шара барысында «Атамекен» ҰКП Басқарма Төрағасы Абылай Мырзахметов, сондай-ақ кәсіпкерлер сатып алулар жүйесінде орын алып отырған бірқатар мәселелер жайында айтты.



Сатып алулардағы жоспарларды алдын ала жариялау, квазимемлекеттік сектордағы жауапкершілікті енгізу, сатып алулар кезінде отандық тауар өндірушілер өнімдерінің басымдылығы, оның ішінде жобалық-сметалық құжат әзірлеу мен жүзеге асыруда кәсіпкерлердің қатысуы, жергілікті қамту үлесін тендерге дейін және кейін бақылауға алу, сондай-ақ, индустриалды сертификат пен алдын ала біліктілігі бойынша таңдау мәселелері талқыланды.

– Сатып алулар жүйесін қайта қарастыру бойынша бизнеске алғаш рет ерік беріліп отыр, бұл тарихи оқиға. Бүгін кезекті рет Қазақстанның бизнес-құрылым өкілдерімен бас қосып отырмыз. Олар түрлі деңгейлі 15 мәселені айтып отыр. Осы тізімде әкімшілік кедергілер, мемлекеттік органдардың негізсіз тексерулері сынды түйткілдер бар, – деп атап өтті Абылай Мырзахметов.

Жергілікті тауар өндірушілердің сатып алулардағы мүддесін жетелеу бойынша Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі мен Өңірлік кәсіпкерлер палатасының бірлесіп жасап жатқан оң жұмысы жайлы ШҚО әкімі Нұрымбет Сақтағанов баяндап берді. Осы бағытта 2016 жылдың наурыз айында тауар өндірушілерді қолдау бойынша облыстық комиссия құрылған. 2016 жылы комиссия 10 жұмыс жиынын өткізіп, онда білім беру, денсаулық сақтау, көлік инфрақұрылымы, тұрғын үй-

коммуналдық шаруашылық, энергетика және құрылыс салаларындағы жергілікті қамту үлесі артуы бойынша мәселелер талқыланды.

Шығыс Қазақстан облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Игорь Шацкий посттендерлік бақылау жүйесін дамыту мен жобаларды жергілікті қамту үлесімен толтыру тақырыбын қозғады.

– Мемлекет тарапынан отандық тауар өндірушілерді қолдау бойынша көптеген шаралар қабылданып жатыр, алайда қазіргі жағдайда олар аздық етеді. Ішкі нарықты заңнамалық деңгейде қорғауда түбегейлі тәсіл керек. Егер жобалық-сметалық құжаттамада отандық материалдарға басымдық берілсе, мердігерлік мекемелер дәл сол материалдарды алатын болады, бұл жұмысты тұрақтандырады, тиісінше, жергілікті құрылыс материалдары өндірісін дамытады, – деп нақтылады Игорь Шацкий.

Сонымен қатар, кеңес барысында жеңіл өнеркәсіп, жиһаз және ағаш өңдеу өнеркәсіптерінің сатып алуларындағы мәселелер, жеңіл өнеркәсіп сатып алуларындағы түйткілдер жайлы айтылды. Кеңес қорытындысы бойынша өңір әкімдіктеріне Өңірлік кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп жергілікті қамту үлесі бойынша комиссия құру тапсырылды, ал мемлекеттік органдарға айтылған мәселелерді анықтау жүктелді.



# ҰН ЭКСПОРТЫН САҚТАП ҚАЛУ МАҢЫЗДЫ

Қазақстанның ұн өнеркәсібі рекорд орнатты – 2016 жылы шамамен 2,4 млн тонна ұн экспортқа шығарылды. Алайда бұл жетістік экспорттаушылардың өзін қуантпай отыр, керісінше, үрей тудыруда. Себебі рекордқа өндірушілердің ерекше еңбегімен емес, объективті нарықтық факторларға байланысты қол жеткізілді, ал ол кез келген мезетте жоқ болуы мүмкін.



«Бұл таяқтың екі ұшы сияқты, – деп мойындайды Қазақстан астық өндеу одағының басшысы Евгений Ган. – Біздің бүгінгі жетістігіміз – елдің жетістігі емес, әлемдік астық нарығының тенденциялары, соңғы төрт жылда нарықта астық бағасы төмендеп келеді, ал 2015-2016 жылдары ең төменгі көрсеткішке жетті. Осы уақытта ауған нарығы Қазақстан ұнымен толықты да, біз пәкістандықтарды бұл нарықтан ығыстырып шығардық. Егер әлемдік нарықта ұн бағасы қымбаттаса, Пәкістанның экспорттаушылары қайтадан нарыққа кіреді де, сәйкесінше, біз ұлғайтқан астық мөлшерін жоғалтамыз».

Шынымен де жыл қорытындысы бойынша Қазақстанның экспортқа шығарған ұнының 57%-ы Ауғанстан нарығына кеткен. Бірнеше жыл бұрын біздің ұнымыздың негізгі тұтынушысы Өзбекстан елі болатын,

экспорттық ұнның 75% осы елге жеткізілсе, 2011 жылы сыртқа шығарылатын төрт вагон ұнның үшеуі осы Өзбекстанға жіберілетін. Бүгінде олар ұнды сырттан алуды қысқартып, астық сағып алуды және сол арқылы өз ұн өндірісін дамытуды жөн көріп отыр. Оны статистика айқын көрсетіп тұр.

2007 жылы Қазақстан Өзбекстанға 157 мың тонна астық және 732 мың тонна ұн экспорттаса, 2015 жылы 1 млн 405 мың тонна астық пен 818 мың тонна ұн жіберген. Сонымен бірге Өзбекстан тарифсіз шектеу шараларын кеңінен қолданады – нақты өнім құнына 11% акцизді салық белгіленген. Тәжікстан да осы жолмен жүріп, ұн сатып алуды қысқартып, ал бидай импортын орташа есеппен жылына 50 мың тоннаға дейін ұлғайтып келеді. Тәжікстан да әр түрлі ҚҚС белгіледі: ұнға – 18%, бидайға – 10%.

Ал Қырғызстан мүлдем импортталатын бидайға салынатын ҚҚС алып тастады.

Ұн өндірушілер соңғы бірнеше жыл қатарынан Қазақстан үкіметіне көршілердің осындай әрекетіне жауап қатуын, ұқсас шара қолдануын сұрап келеді. Көршілес Ресейді мысалға келтіреді. Евгений Ганның айтуынша, Қазақстан ресейлік «Макфа» маркасын елге тасымалдануына тыйым салып үлгермей жатып (ұн байытылмағандықтан оған тыйым салынады) Ресейдің Қазақстандағы сауда өкілдігінің қызметкерлері байланысқа шығыпты. «Міне экспорттаушылардың құқығын қорғау деген осы. Ал біз болсақ өзімізді қорғансыз сезінеміз. Біз өзімізден талап етілген міндетті орындадық, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан нарықтарына кірдік, тұрақтап, жұмыс істеп жатырмыз. Бірақ бұл елдердің үкіметімен күресу біздің құзыретімізге кірмейді», – дейді астық өндеу одағының басшысы.

Бұл сөздің жаны бар – ұқсас жағдай тек ұн өндірушілерге ғана қатысты емес, аталған кедергімен қажетті ауқымды қамтығаннан кейін ет экспорттаушылары да, жалпы барлық экспортқа бағытталған салалар бетпе-бет келуі мүмкін.

– Менің ойымша, Қазақстанның экспорттық саясатын дамытатын уақыт келді. Жалпы алғанда, біз ұн өндірушілерге ғана артықшылық берілуін сұрап отырған жоқпыз. Біздің айтып отырғанымыз, мемлекеттің экспортты қолдау және дамыту жүйесі болуы керек. Егер ол болса, ұн өндірісі де соның ішіне кіреді. Біздің импорттаушылар тарифсіз реттеу шараларын да қолданады. Сондықтан осы нарықтарға өнімімізді жеткізу және тұрақтату үшін жүйелі шаралар қолдану қажет, екіншісі – кейбір елдер қолданып отырған қатал сауда шарттарына дәл солай жауап беру керек, – деп пайымдайды Евгений Ган.

Тілге тиек етсек, жақында ұн өндірісі саласының қиындықтарына қатысты «Атамекен» кәсіпкерлердің ұлттық палатасы ұйымдастырған «дөңгелек үстел» барысында ауыл шаруашылығы вице-министрі Гүлмира Исаева министрлік нарықты дамыту жөніндегі бизнестің барлық ұсыныстарын қарастырып, қабылдауға дайын екенін мәлімдеді. Ал импорттаушы елдер қолданып отырған тарифсіз реттеу шараларына келер болсақ, оның айтуынша, бұл «келіссөз барысында шешілетін мәселе».



жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## «Самұрық-Қазына» көзі жойылуы мүмкін

Таяу болашақта «Бәйтерек» ұлттық холдингінің, сол секілді «Самұрық-Қазына» ұлттық қорының да көзі жойылады. Банк секторын сауықтыруға Ұлттық қордан триллиондап бөлінген қаржы ел экономикасындағы осындай үлкен бетбұрысты байқатады.

Бұл туралы kaz.3653info.kz медиа-порталына берген сұқбатында қаржыгер ғалым Илияс Исаев мәлім етті. Оның пікірінше, осыған дейін Ұлттық қордан 3 бағытта қаржы бөліп келген Үкімет, енді осы тұрғыдағы саясатын өзгертеді.

– Қазір «Бәйтерек» ұлттық холдингі де, «Самұрық-Қазына» қоры құрамындағы квазимемлекеттік компаниялар да жекешелендіріліп, жаппай сатылымға шығарылып, трансформацияланып жатыр. Елбасының өзі бұл белгілі бір кезең үшін құрылған қорлар деп айтқан болатын. Соған қарағанда, олардың көзін жоятын уақыт тақап қалған секілді, – дейді Илияс Исаев.

Ал күршінің арқасында күрмек су ішеді, дегеннің керін келтірген бұл компаниялар жойылған жағдайда, ғалым Ұлттық қордан ел экономикасына бөлінетін ақша, енді тек банк секторы арқылы тікелей тасымалданып отырғанын айтады. Илияс Исаевтың айтуынша, «Бәйтерек» пен «Самұрық-Қазына» қоры құрамындағы, тіпті, Қазақстан даму банкі де, Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі де сатылады.

Ұлттық қордан бөлінетін ақшаны жұмсауда соңғы екі арна дұрыс жұмыс істемеді. Олар сыбайлас жемқорлыққа жол беріп, жауапкершіліктен жалтарып, өз міндетін қалтқысыз орындай алмады.

– Мемлекет бөлген ақшаны ел экономикасын қаржыландыруда делдал болған бұл қаржы институттары өзіне жүктелген міндетті атқара алмады. Енді Елбасы олардың көзін жойып, ел экономикасын қаржыландыруда тікелей коммерциялық банктермен жұмыс істемек, – дейді Илияс Исаев.

Маман сөзіне сенсек, мысалы үшін осы күнге дейін мемлекет агросекторға аз пайызбен қаржы бөліп келді, ал оны ҚазАгроҚаржыалады да үстіне үстемепайыз қосып шаруаға ұсынады. Ол әкімдік арқылы ауылға жетеді. Сол секілді Үкімет 5 пайызбен шағын және орта кәсіпкерлікке ақша бөледі делік, оны шағын несие ұйымдары алып 7-12 пайызбен кәсіпкерге береді. Міне, осындай делдал компаниялардың көзі құрып, мамандар айтып жүргендей ел экономикасы салаларын банктердің өзі тікелей қаржыландыратындай күн туатын секілді.

## Кәсіпкер мүддесі қорғалды

Шенеуніктер кәсіпкердің келісімінсіз оның қызметінің талаптарын өзгерткілері келген Кәсіпкерлер палатасының Айыртау аудандық бөлімшесі мен аудандық прокуратура қызметкерлері бірлесіп, жергілікті шенеуніктер қойған кедергіні жойды.

Төлебек Байғожин Саумалкөл ауылында жолаушылар тасымалдаумен айналысады. Ол ақпан айында «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атынан хабарлама алған. Құжатта жолаушылар тасымалына рұқсатты қайта рәсімдеу үшін бөлімге келу қажеттілігі туралы жазылған.

Билік өкілдері кәсіпкерге оның келісімінсіз №9 автобус қозағылысының жанадан өзгертілген кестесіне қол қоюға кеңес берген. 2015 жылы бекітілген әрі қолданыстағы кесте бойынша бөлімге ауыл тұрғындарының да, бақылаушы органдардың да атынан ешқандай шағымдар мен арыздар түспеген.

– Бұл мәселені шешуде маған көмек бермейтіндігін білгендіктен, Кәсіпкерлер палатасының Айыртау аудандық бөлімшесіне жүгіндім. Мен бұған дейінде түрлі мәселелермен жүгінген болатынмын. Бұл жолы да қателескен жоқпын, себебі олар шұғыл түрде шаралар қолданды. Нәтижесіне көңілім толды, – деді Төлебек Байғожин.

Аталған шағым бойынша прокуратура қызметкерлері мәселені тексеріп, заң бұзылғанын анықтады. «Бұл мәселенің шешілуіне

атсалықан Айыртау ауданы прокуратурасының қызметкерлерін ерекше атап өткім келеді. ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 25-бабына сәйкес құқық қорғау органдары жасаған жұмыстың нәтижесінде заң бұзушылықты жою туралы шешім шығарылып, бизнестің құқығы мен мүддесі қорғалды», – деп түсіндірді СҚО Кәсіпкерлер палатасының Айыртау аудандық бөлімшесінің директоры Данияр Қалымов.





# ШАҒЫН БИЗНЕСКЕ – 1000 САУДА ОРНЫ

Алғашқыда көше саудасына 274 орын бөлінгенімен, кейіннен санын мыңға дейін арттыру көзделген. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мақсатында ұйымдастырылған 1000 сауда орнында дәмхана, мобильді автосервис, нан, көкөніс, гүл сату секілді көптеген кәсіп түрлері қамтылмақ.

Сауда орындары қаланың архитектуралық келбетіне, санитарлық және өрт сөндіру талаптарына сай болуы маңызды талаптардың бірі. Бұл бастаманың қалай жұмыс істеп тұрғанын көзбен көруге әрі кәсіпкерлермен тікелей жүздесіп, пікір алмақ ниетпен көше бойындағы бірнеше сауда орындарына баруды жөн санадық.

Ең алдымен гүл сататын орындарға жол түсті. Сатушылар шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бақытталған арнайы бағдарлама туралы хабардар еместіктерін, анық-қанығын жұмыс беруші білетінін айтты. Дегенмен, сауда орнының жылы, ыңғайлы екенін жасырмады. Көп қабатты үйдің тұрғындары үшін күнделікті тұтынатын заттарды сатып алуда уақыт үнемдеуге көп септігін тигізетін сауда орындарының бірі – көкөніс-жеміс сататын дүкен.

Республика даңғылында орналасқан сауда нүктесі осының айқын дәлелі. Аязды күні біз кірген дүкенде зейнет жасындағы тұрғындар сауда жасап, керек көкөніс-жемістерін алып жатты. Жылы, жарық дүкен сөрелеріндегі балғын өнімдер тұрғындардың күнделікті тұтынуына қолжетімді.

– Шағын дүкен «1000 сауда орны» бағдарламасы бойынша ашылды. Әпкем арнайы өтініш жазып, қажетті құжаттар өткізді. Бұл біздің отбасылық кәсібіміз. Бұрындары сауда жасау үшін жыл сайын рұқсат қағаз алушы едік, ал жаңа бағдарлама бойынша рұқсат бірден 7 жылға берілді. Әрине, өте ыңғайлы. Жер салығын төлейміз, тұтынған электр қуатына да уақытылы төлем жасаймыз. Кішкене ғана кәсібімізді ауа райының қандай болғанына қарамастан, ыңғайлы орында жүргізетінімізге қуаныштымыз, – дейді ағайынды Абзал мен Азамат Тойлыбаевтар.

Елорда көшелерінде сауда жасау ыңғайлы Астана қаласы әкімдігі «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп «1000 сауда орны» бағдарламасын іске қосты. Әкімдік сайтындағы хабарламаға сәйкес, бас қаланың Есіл ауданында – 303, Сарыарқа ауданында – 305, Алматы ауданында 377 сауда нысаны ашылады.



фото: dabanews.kz

Шағын сұхбаттың куәгері болған қала тұрғыны Толғанай Хаитова ұзақ жылдар бойы жас кәсіпкерлердің тұрақты тұтынушысы екенін жеткізді.

– Күнделікті қажетті көкөніс-жемістерді жақын маңнан алу ыңғайлы. Сонымен қатар, осы балаларды көп жылдан бері танимын. Күннің суығында сауда жасау оңай емес. «Айналайындар, тоңып қалмаңдар, жылы киініңдер» деп әрдайым айтып жүремін. Сауда жасағанда бағасы арзан, тиімді жерді ғана іздейміз, жақсы қызмет көрсеткен сауда орынға жиі баратынымыз анық. Осы жерге үнемі келемін. Себебі, жылы амандасып, қажетінді сұрап, сапалысын салып береді. Тіпті кейде сөмкем ауыр болса, көмекші балалар жеткізіп, жәрдемін де аямайды. Осындай жайлы орында сауда

жасауға бастама болып, кәсіптеріне көмек бергені үшін алғысымды айтамын, – дейді зейнеткер Толғанай Хаитова. Сауалымызға жауап іздеп қаладағы бірнеше сауда орындарына кірдік.

А.Иманов көшесіндегі тез дайындалатын тағам сатумен айналысатын орынның кәсібі енді басталғаны байқалды. Кәсіп иесінің өзімен телефон арқылы тілдесуге мүмкіндік туды.

– Шағын және орта кәсіпкерлікке арналған «1000 сауда орны» бағдарламасын естіп қуандым. Қалада кәсібімді ашуға ыңғайлы бірнеше орындарды анықтап алып, сол маңайдан сауда орнын сұрап бардым. Дегенмен мен қалаған жерде орындар бос емес екен, ал ұсынған жерлері қашық болды. Бұл бағдарлама аясында жер алып,

кәсіп жүргізгенім қаржы жағынан ыңғайлы болар еді деп ойлаймын. Сондықтан, кәсіп бастауға аталған бағдарлама аясында қолайлы орынды іздестіру үстіндемін. Дегенмен, қарап отырған жоқпын. Қазір, сауда орнына тиесілі жерді жалға алдым. Енді ашылып жатырмыз. Әлі ішін жөндеумен, әрлеумен айналысуым керек, – дейді кәсіпкер Мұрат Мұхамеджанов.

Астана кәсіпкерлерінің жыл сайынғы конференциясында Елорда тұрғындарының 63% жеке кәсіпкерлікте жұмыс істейтіні айтылды. Осы жиында «Атамекен» ҰҚП Төралқа Төрағасы Тимур Құлыбаев қаланың бас жоспарына енгізілген «1000 сауда орны» шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауда ерекше бастама болғанын атап өтіп, Қазақстанның басқа өңірлері бірегей бастаманы үлгі ретінде қолдануды ұсынған еді.

Қаланың сәулет құрылысына сай жасалған сауда орындарында санитарлық, қауіпсіздік талаптары сақталған, электр қуаты жүргізілген. Бұл сауда орындары кәсіпкерлерге байқау негізінде, бекітілген тәртіппен беріледі. «1000 сауда орны» бағдарламасына заңмен белгіленген тәртіпте тіркелген және салық пен басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша қарызы жоқ жеке кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар қатыса алады. Қажетті құжаттар пакетіне өтінім-анкета, жеке-кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің көшірмесі, қажет жағдайда өкілеттігін куәландыратын құжат, салық бойынша қарызы жоқтығы туралы анықтама, ауданы 9 шаршы метр сауда нысанының эскизі, оны дайындаушы зауыт туралы мәліметтер көрсетілуі керек.

Жер учаскесі 5-7 жылға жалға беріледі. Сонымен қатар, сауда орнының байқауына мемлекеттік және заңды тұлғалар, комиссия мүшелері, комиссия хатшысы, байқауда жеңімпаз болғандар, субаренда бойынша талаптарды орындамаған кәсіпкерлер қатыстырылмайды. Өтінімдерді қабылдау туралы хабарландыру Астана қаласы әкімдігінің сайтында жарияланған соң, 15 күнгізібелік күннің ішінде электронды түрде [www.smart.astana.kz](http://www.smart.astana.kz) сайтында тапсырылады.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## «ҚазАгро» – әйелдер кәсіпкерлігін қолдайды

Ауылдық жерлердегі өнімді жұмыспен қамтылуды жоғарылату және әйелдердің кәсіпкерлігін дамыту жөніндегі Қазақстанмен жүргізілген іс-шараның дұрыстығы Әйелдер ахуалы жөніндегі БҰҰ комиссиясының 61-ші сессиясы барысында атап өтілді.



фото: dabanews.kz

Халықаралық форум шеңберінде өткен жоғары деңгейдегі «Ауыл әйелдерімен

бірлесіп аштық пен кедейлікті жою үшін күштерін активтендіру» жөніндегі

іс-шаралардың бірінде «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Айгүл Мұхамедиева баяндама жасады. «ҚазАгроның» өкілі Холдингінің қызметінің маңызды бағыттарының бірі ретінде Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы әйелдердің кәсіпкерлігін дамыту туралы айтты. Оның келтірген статистикалық мәліметтеріне сәйкес, Қазақстанның экономикасындағы әйелдердің көп бөлігі аграрлық салаға тиесілі. Ол гендерлік көзқарас жағынан экономиканың ең көпшілікке мәлім саласының үштігіне кіреді: экономикадағы жұмыс басты әйелдердің жалпы санының 17% -ы ауыл шаруашылығында жұмыс істейді (сауда – 19%, білім саласында – 19%).

Өз баяндамасында А.Мұхамедиева ауыл шаруашылығындағы республика бойынша өзін жұмыспен қамтитын әйелдердің үлесінің жалпы санының шамамен 51%-ын ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін әйелдер құрайтынын атап өтті. Осылайша, егер басқа гендерлік-бағдарлы салаларда әйелдер негізінде жалдамалы жұмыскер болып табылса, аграрлық секторда олар өздері ауылшаруашылық өнімдерін

шығарады, соның ішінде – жеке қосалқы шаруашылықтарда.

Өзінің баяндамасының соңында Айгүл Мұхамедиева ауылдағы әйелдердің кәсіпкерлігін дамыту мәселесінің жұмыссыздықты төмендету мақсатындағы маңыздылығын атап өтті және БҰҰ халықаралық деңгейде осы мәселені талқылауға берген мүмкіндігі үшін алғысын айтты.

Қазақстан Республикасының ресми делегациясы әйелдердің ахуалы жөніндегі БҰҰ комиссиясының 61-ші сессиясының жұмысына қатысатынын еске саламыз, ол осы күндері БҰҰ Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде өтуде және әйелдердің еңбек саласындағы өзгеріс контекстінде экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту тақырыбына арналған. Әйелдердің дискриминациясымен күресу және әйелдердің кәсіпкерлігін дамыту жөніндегі тәжірибелерімен әлемнің 170-нен астам елінен келген қатысушылар бөліседі. «ҚазАгро» ұлттық холдингінің өкілі ҚР Ұлттық экономика министрі, ҚР Президенті жанындағы әйелдер ісі және отбасы-демографиялық саясаты жөніндегі комитеттің мүшесі М. Әбілқасова бастаған делегацияның құрамына кіреді.



# ЖҰМАҒҰЛ ОРАЗОВ АТЫНДАҒЫ АУЫСПАЛЫ КУБОКТИҢ ИЕГЕРІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ


Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының чемпионаты бірнеше жылдан бері үздіксіз ұйымдастырылып келеді. 7-8 жылдың ішінде тастаяқты жанына серік еткен кәсіпкерлер бүгінде кәсіпқой тастаяқшылардан кем ойнамайды десек артық айтқандық болмас еді.

Осы ретте «Бильярд клубтың» жұмысын жандандыруға Жұмағұл Оразовтың сіңірген еңбегі орасан зор. Ол қауымдастықтың чемпионаты барлық талап-тілектерге сай өтуіне қадағалап, клуб жұмысының жан-жақты дамуына ықпал етуде. Осылайша Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының «Бильярд клубы» еліміздегі ең мықты әуесқой клубтардың біріне айналып отыр. Бүгінде кәсіпкер тастаяқшылар Алматы қаласындағы клуб аралық жарыстардың бәріне қалмай қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүргенін газетімізде талай рет жазған болатынбыз.

Осы ретте «НГ» газетіне Жұмағұл Оразов атындағы жүлденің жеңімпазы Асқар Байғабатов жарыстың қалай өткенін жайында әңгімелеп берді.

– Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығы жанынан құрылған «Бильярд клуб» еліміз бойынша танымал спорттық ұйымдардың бірі. Біздің клуб он жылдан астам уақыттан бері үздіксіз жұмыс істеп келеді. Бәріміздің басымызды қосып, ортақ мақсатқа жұмыламырған Жұмағұл Оразовтың еңбегі ерекше. Жүмекең клуб мүшелерінің апта сайын жиналып, бабында болуына баса мән береді. Сонымен қатар өзге де әуесқой клубтармен кездесіп, тәжірибемізді шыңдап тұрады. Осы ретте айта кетуіміз керек. Жұмағұл Оразовтың арқасында біздер Қазақстан, Украина және Ресейдің намысын қорғап жүрген беделді бильярдшыларымен кездесіп, олардың тәжірибесімен бөліскенімізді айрықша атап өткім келеді. Клуб үшін осындай көптеген жұмыстар атқарған азаматтың атында жыл сайын ауыспалы кубогті ұйымдастыру турасындағы ұсынысты клуб мүшелері

Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығы жанындағы «Бильярд клуб» мүшелері жыл сайын өз араларындағы мықтыларды анықтап, ауыспалы кубогін сарапқа салатынын «НГ» газетінің оқырмандары жақсы біледі. Енді осы дәстүрлі спорт бәсекесіне жаңа жарыс түрі қосылды. Биылдан бастап «Бильярд клуб» мүшелері клуб жетекшісі Жұмағұл Оразов атындағы ауыспалы кубогтің иегері болуы үшін бақ сынайтын болады.



бір ауыздан қолдады. Осылайша Жұмағұл Оразов атындағы ауыспалы кубок пайда болды. Өзім осы кубогтің бірінші болып ұтып алғанымға айрықша қуаныштымын.

– Асеке, Жұмағұл Оразов атындағы ауыспалы кубогтің иегері атанауы үшін қанша адам бақ сынады?

– Бұл кубок тек қана Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығы жанындағы

«Бильярд клуб» мүшелері арасында сарапқа салынатынын айта кетуіміз керек. Биыл осы кубогтің иегері атануы үшін 20 адам бақ сынады. Олардың бәрі мықты ойыншылар екенін айтқым келеді. Барлық ойыншы бір-бірімен ойнап, күш сынасты. Содан кейін 20 ойыншының арасынан жақсы ойын өрнегімен көзге түскен екі ойыншы таңдалынып алды. Сол таңдаулы ойыншың бірі мен болсам, екіншісі – Олег Ким бол-

ды. Осылайша ақтық сында екеуіміз күш сынасып, Олегті ұтып, Жұмағұл Оразов атындағы ауыспалы кубогтің ең алғашқы иегері атандым. Алдағы уақытта өзге әріптестерім өздерінің шеберлектерін көрсетіп, ауыспалы кубогтің иегері атанатына сенімдімін. Бұған дейін Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының ауыспалы кубогін жеңіп алған болатынмын.

– «Бильярд клуб» мүше болмай тұрып тастаяқ ойнаумен әуестендіңіз бе?

– Шынымды айтсам, мен бильярд ойнауды осы клубта жүріп үйрендім. Сондықтан «Бильярд клуб» менің өмірімде айрықша орын алады десем артық айтқандық болмас еді. Бүгінде клубтың белді ойыншыларының бірімін. Талай рет жарыстарға қатысып, клубымыздың намысын қорғаған кездерім болды. «Бильярд клуб» жұмысын жүйелі ұйымдастырған Жұмағұл Оразовқа айтар алғысым шексіз. Ол кісіге зор денсаулық тілеймін! Біздер Жүмекеңнің соңынан еріп, клубымыздың абырой-беделін асқақта беруге қашанда дайынбыз, – деп «Бильярд клубтың» белді ойыншысы Асқар Байғабатов өзінің жүрекжарды лебізін білдірді.

Қазіргі таңда клуб мүшелері тәжірибесі мол, кез келген ірі жарыстарға қатысып, тамаша ойын өргенін көрсетіп келеді. Алматыда клуб мүшелерінің алдын орап кететіндей ойыншылар жоқ десек артық айтқандық болмас еді.

Қазіргі таңда «Бильярд клуб» Қазақстанның бильярд қауымдастығымен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Газетімізді үзбей оқитын көзі қарақты оқырмандар Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының «Бильярд клуб» мүшелері еліміздің және Украина мен Ресейдің тастаяқшыларымен тәжірибе алмасқанын жақсы біледі.

Ж.Оразов алдағы еліміздегі бильярдшылармен де тығыз қарым-қатынас орнатып, клуб мүшелерінің кәсіби біліктілігін шыңдауға баса мән беріп жүретінін айта кетуіміз керек.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Қорғаймыз, кеңес береміз, несие бөлеміз

«Қазақстан-Қостанай» телеарнасының тікелей эфирінде Өңірлік кәсіпкерлер палатасы директоры Мұрат Әбенев аймақтағы кәсіпкерлікті қолдау жұмыстары туралы әңгімелеп берді. Палата директоры ең алдымен құқықтарды қорғау мен заңдық мүдделер бойынша өтінімдердің артқанына назар аударды.



– 2015 жылмен салыстыратын болсақ, өтінімдердің көлемі 33%-ға артқан. Бұл көрсеткіш ҰКП жұмысына сенімнің артқанын білдіреді. Егер кедергілер пайда болса Кәсіпкерлер палатасы қолдау көрсететінін кәсіпкерлер біледі. 212 түскен өтінімнің жартысын оң шешіп, бизнеске 1 млрд теңгеден астам қаржы үнемдеуге жағдай жасадық, – деді Мұрат Әбенев.

Көрермендер Палатаның қандай сұрақтар бойынша қолдау көрсетіп жатқанын бизнесмендердің өз аузынан естіді. Жеке кәсіпкер Николай Савченко қойманы заңдастыру бойынша көмек көрсетілгені үшін алғыс айтты. Қойманы өз бетінше заңдастыруды кәсіпкер қағасбастылық салдарынан жүзеге асыра алмаған.

Ал «Ломбард 555» құрылтайшысы Александр Сложеникин Палатаның сот процесінде шағым түсіріп, 68 мың теңге көлеміндегі айыппұлды

алып тастауға көмектескені туралы айтып берді. Кәсіпкерге бұл айыппұл кәсіпорын аумағында тазаланбаған қар үшін салынған. Кәсіпкер тиісті органдарға шағымданғанмен мәселе шешімін таппаған.

Мұрат Әбенев сотта барлық істер бизнес үшін оң шешіле бермейтінін де атап өтті. Былтыр шағымдардың дені жалған кәсіпкерлік бойынша болатын, яғни кәсіпкерлерге кейін жалған болып танылған фирмалармен жасалған келісімдері үшін салықтар салынған. Үлкен көлемді салықтарды болдыртпау мүмкін емес еді.

– Жалпы заңгерлеріміздің сараптамасы бойынша мемлекеттік органдар Өкімшілік кодексті бюджетті толтыруға көмектесетін құралға айналдырып, қызметтерін асыра пайдаланып отыр, – деді Өңірлік кәсіпкерлер палатасы директоры.

Тікелей эфир барысында кәсіпкерлерге қызмет

көрсету орталығы жұмысы туралы сұрақтар да назардан тыс қалмады. Орталықтағы қызметкерлердің берген кеңесі мен қолдауы нәтижесінде облыс бойынша 500-ден астам адам кәсіп ашып немесе бизнесін ұлғайтуға мүмкіндік алған. Жеке кәсіпкер Сәбитжан Жаңабаев Палатаны «Атамекен-Қостанай» Микро несиелік ұйымынан несие алуға көмектескені үшін алғыс білдірді. Осы көмек арқылы кәсіпкер Арқалық қаласында тұңғыш таксопаркін ашқан. Ал банктер болса кәсіпкердің өтінішін әр түрлі сылтаулармен қабыл алмаған. «Маған Микро несиелік ұйым жаңа жобалар бойынша 316 млн теңге бөлінді. Бұл қаржы кондитер цехтары, тасымалдау қызметі, шаштараз ашуға жұмсалды. Орталықтан адамдар несие мен мал шаруашылығын дамыту үшін алған. Рудный қаласының тұрғыны ет пен шұбат өндірісін қолға алу үшін түйе сатып алды», – деді Мұрат Әбенев.